



SOROS.KZ



OPEN BUDGET FELLOWSHIP 2019

ЗЕРТТЕУ ТАҚЫРЫБЫ:

Маңғыстау ауылдық округіндегі ауыз су проблемасы.

Л.АЛЬМАНБЕТОВА | ???, 2019 ж.

Бұл мақала Сорос-Қазақстан Қорының қолдауымен "Zertteu Research Institute" ҚҚ жүзеге асырған Open Budget Fellowship жобасының аясында жарияланды. Жарияланым мазмұны авторлардың жеке көзқарасын білдіреді, сәйкесінше Сорос-Қазақстан қорының көзқарасымен сәйкес келмеуі мүмкін.

МАЗМҰНЫ

1. Кіріспе	4
2. Зерттеу жұмысының әдістемесі	5
3. Ағымдағы жағдайды талдау	6
3.1. Жалпы мәселе	6
3.2. Ауыз сумен қамтамасыз ету бойынша ресми мәліметтер мен заң талаптарына салыстырмалы талдау.	8
3.3. Ауыз су тапшылығының себептері	10
3.4. «Маңғыстау жылу» МКК басшысы Қазақбаев Бекболмен сұхбат:	10
3.5. "Каспий" су тұщыту зауыты» ЖШС технологиялық процестерінің инженері Салтанат Дүйсемалиевамен сұхбат:	11
3.5. Мұнайлы аудандық тауарлар мен көрсетілетін қызметтердің сапасы мен қауіпсіздігін бақылау басқарма басшысының орынбасары Рахметова Мадинамен сұхбат:	12
4. Ұсыныстар	13

1. КІРІСПЕ

Маңғыстау - өте ірі мұнай мен газ қорына бай, республикалық бюджеттің доноры болып табылатын аймақтың бірі. Алайда осыған қарамастан, елді мекендерде ауыз су тапшылығы мәселесі орын алып отыр.

Облыстық «Маңғыстау Медиа» жаңалықтар сайтының мақаласына сәйкес, адам денсаулығы ауыз судың сапасына тікелей тәуелді. Осыған байланысты ауыз суға мемлекеттік санитарлық талаптар қойылады. Олардың негізгілері: иісі мен дәм көрсеткіші 0 балдан аспауы керек; түсі 00-тан төмен, мөлдірлігі 00 см-ден артық; лайлығы 0 мг/л-ден аз, кермектілігі 7 – 10 ммоль болуы керек. Ауыз судың кермектігін анықтайтын кальций, магний тұздары аз болса, адам сүйегінің морттылығы өсіп кетеді. Фтордың ауыз судағы мөлшері 0,7 – 1,5 мг/л-ден төмен болуы – флюороз және кариес, темірдің, кобальт, мыстың жетіспеуі – анемия, бордың аз болуы асқазан, никельдің кем болуы – көз ауруларына шалдықтырады. Сонымен қатар, ауылдың көгалдандырылмауы тікелей су жетіспеушілігіне байланысты.

Мұнайлы ауданы, Маңғыстау елді мекені - ауылдық округ және Мұнайлы ауданының орталығы. Мұнайлы ауданында 160 600 адам тұрады, Маңғыстау ауылдық округінің халық саны 31,5 мың, яғни ауданның 20% құрайды. 1 тәулікте орта есеппен ауданға 20 мың текше су қажет. Қазіргі таңда тәулігіне 16,800 текшесін аудан алып отыр. Алайда су тапшылығына және халық санының өсуіне байланысты ауданға сұратылған ауыз су көлемі орындалмай отыр. Сондықтан бұл тақырып жергілікті тұрғындар үшін өзекті мәселе.

2. ЗЕРТТЕУ ЖҰМЫСЫНЫҢ ӘДІСТЕМЕСІ

Зерттеу жұмысының мақсаты: Маңғыстау ауылдық округінің ауыз су проблемаларының себептерін анықтау және талдау, шешу жолдарын ұсыну.

Талдау барысында қарастырылған негізгі сұрақтар:

Маңғыстау ауылдық округі неге толық және тұрақты ауыз сумен қамтамасыз етілмеген?

Зерттеудің эмпирикалық негізі ретінде бастапқы және қайталама деректер көздерінің ақпараты қолданылды. Бастапқы дерек көзі ретінде табиғи монополия субъектілері өкілдерімен, жергілікті атқарушы билік органдары өкілдерімен, жергілікті тұрғындармен жүргізілген сараптама сұхбатының нәтижесі алынса, қайталама дерек көзі ретінде ресми сұраныстар, заңнамалық актілер, жергілікті бюджет құжаттары, жергілікті даму жоспарлары және ашық көздердегі статистикалық ақпараттар қолданылды.

Зерттеу адресаты: «Маңғыстау жылу» МКК, Мұнайлы ауданының әкімдігі, Маңғыстау облысының әкімдігі;

Зерттеу әдістері:

- Заңнамалық актілерге шолу;
- Сараптамалық сұхбат;
- Сауалнама жүргізу;
- Ресми өтінімдер;
- Ашық көздердегі ақпараттарға шолу;

3. АҒЫМДАҒЫ ЖАҒДАЙДЫ ТАЛДАУ

3.1. ЖАЛПЫ МӘСЕЛЕ

Суы тапшы өңірде ауыз суды табу және оны пайдалану – басты мақсат. Сондықтан бұл өңір тұздылығы жоғары теңіз суын тұщытып пайдалану көлемін арттыруды көздеген. Алайда елді мекендерде ауыз сумен қамтамасыз ету мәселесі тұрақтылық жағынан да, сапа жағынан да төмен. Зерттеу жұмысының негізі ретінде Мұнайлы ауданы, Маңғыстау ауылдық округі алынды.

Мұнайлы ауданы Маңғыстау ауылдық округіне ауыз суды "Каспий" су тұщыту зауыты» ЖШС қамтамасыз етеді. Ауылдық елді мекенді сумен қамтамасыз ету жүйесіне қызмет көрсетумен «Маңғыстау жылу» МКК айналысады. Маңғыстау ауылдық округі қазіргі таңда ауылдың бұрынғы аумағымен қатар «Ақ Еспе», «Бозжыра», «Айрақты», «Шерқала» және «Бесшоқы» тұрғын үй массивтерінен тұрады. Сол округта анықталған жағдайларға толығырақ тоқталып өтетін болсақ. Ауыл тұрғын үйлерінің 57 пайызы ауыз су құбырымен қамтылса, қалған 43 пайызына, атап айтқанда Айрақты және Бесшоқы тұрғын үй массивтеріне арнайы тасымалмен жеткізіліп отыр. Алайда ауыз су құбырымен қамтылған ауылдарға су уақытпен беріледі, ал кей жағдайларда 2-3 апталап су берілмей қалады. Мысалы, Маңғыстау ауылының өзінде суды түнде 3-4 сағатқа өшіреді, «Ақ Еспе», «Бозжыра» тұрғын үй массивтерінде күніне 3-4 сағат таңертеңгі уақытта беріледі. Ал «Шерқала» тұрғын үй массивінде жағдай күрделі, себебі ауыз су массивтің бір жағына күніне 3 сағаттан келсе, екінші жақ бетіне мүлдем келмей қалатын кездер болады. Сондықтан тұрғындар суды арнайы тасымалмен алып отыр. Ағымдағы жағдаймен танысу мақсатында ауыл тұрғындарынан ауыз су тұрақтылығы және сапасы бойынша сауалнама жүргізілді.

Диаграмма 1. Аулыңызда ауыз су тұрақты берілеме?





Диаграмма 2. Сіз қазіргі уақытта ауылыңыздың ауыз сумен қамтамасыз етуін қалай бағалайсыз?



Жүргізілген сауалнамалардың қорытындысына сәйкес ауылдағы ауыз сумен қамтамасыз етілуіне респонденттердің 50% нашар деген баға берді.

Төменде тұрғындардың пікірі:

Ауыл тұрғыны, Еңсегенов Сапаргелді:

Халық ауыз суды төлеп тұр, әрине су 24 сағат тұрақты берілу қажет. Осы уақытқа дейін суды тасымалдағанымыз жетер.

Ауыл тұрғыны:


Менің көршіме су күнделікті келіп отырады, ал менде бірнеше аптадан бері су келмейді, Тасымал арқылы су алып отырмын. Бірақ төлемдерімді уақытында жасап отырдым.

Ауыл тұрғыны, Уразбаева Санімай:

Судың сапасы нашар, үйде құбырдың суын тамақ дайындауға, ішуге пайдаланбаймыз. Оған бөлек дүкеннен сатып аламыз.

3.2. АУЫЗ СУМЕН ҚАМТАМАСЫЗ ЕТУ БОЙЫНША РЕСМИ МӘЛІМЕТТЕР МЕН ЗАҢ ТАЛАПТАРЫНА САЛЫСТЫРМАЛЫ ТАЛДАУ.

«Маңғыстау медиа» ақпараттық сайтының скриншоты <https://mangystaumedia.kz/11/77331/>



31 °C Ақтау, KZ Сб, 24 Август 2019 «Маңғыстау-Медиа» ЖШС Редакция құрамы Жарнама бөлімі Кері байланыс

Редакция
Почта: hat@mg@og

Басты бет Жаңалықтар ▼ Саясат ▼ Экономика ▼ Қоғам ▼ Рухани жаңғыру ▼ Әдебиет ▼ АНЫҚТАМА БЮРОСЫ ▼

Басты бет > Жаңалықтар > Маңғыстау жаңалықтары > Биыл Мұнайлыдағы ауылдар ауыз сумен толықтай қамтылады


Биыл Мұнайлыдағы ауылдар ауыз сумен толықтай қамтылады

11.04.2019 👁 68

СОҒҒЫ ЖАҢАЛЫҚ

Ақтау қаласы әкімінің тағайындалды

Жұлдыз Калиева - 2



← → C mangystaumedia.kz/11/77331/

Басты бет Жаңалықтар ▼ Саясат ▼ Экономика ▼ Қоғам ▼ Рухани жаңғыру ▼ Әдебиет ▼

— Жыл соңына дейін Мұнайлы ауданына енетін ауылдардың барлығы дерлік ауыз сумен толықтай қамтылады. Ауыз сумен қамтылғанша тұрғындар суды қайдан алады деген заңды сауалдың туары сөзсіз. Қазір әр үйдің алдында ауыз су тоқтыруға арналған құдықтар бар. Аптасына бір рет міндетті түрде толтырып отырамыз. Осы арқылы тұрғындар су тапшылығын сезген жоқ, – дейді аудан әкімі Рахат Елтизаров.

“РЕГИОНАЛЬНАЯ СЛУЖБА КОММУНИКАЦИИ” МАНГЫСТАУ РЕГИОНА
“REGIONAL COMMUNICATION SERVICE” MANGYSTAU REGION

МАНГЫСТАУ РЕГИОНА
“REGIONAL COMMUNICATION SERVICE” MANGYSTAU REGION
МАНГЫСТАУ РЕГИОНА
“REGIONAL COMMUNICATION SERVICE” MANGYSTAU REGION
МАНГЫСТАУ РЕГИОНА
“REGIONAL COMMUNICATION SERVICE” MANGYSTAU REGION

Облыстық «Маңғыстау Медиа» жаңалықтар сайтында жылдың алғашқы тоқсанының қорытындысын жариялау мақсатында Мұнайлы ауданының әкімі Рахат Елтизаровтың қатысуымен өткен брифингі жарияланған. Мақалада, «Аудан 74 пайыз ауыз сумен қамтылды» делінген. Яғни, мақалада құбырды өткізіп, құрылыс жұмыстарын аяқтаған ауылдарды сумен қамтылды деген есеп берілді. Алайда құбырлар өткізгенімен, ауылда су жүргізу процесі толықтай басталмады.

Осы мәселеге байланысты «Маңғыстау жылу» МКК басшысы Қазақбаев Бекболмен сұхбат өткізілді. Сұхбат барысында жоғарыдағы әкімнің сөзіне байланысты Қазақбаев: *«Ақ бұлақ» бағдарламасы аясында ауыз сумен қамтамасыз ету деген - құбырларды тартып, құдықтарды қойып, су өлшегіш құралдарын орнатып, тұрғындар үйінің шарбақтарына дейін жеткізіп беру деп көрсетілген, яғни үкімет заңға сәйкес құбырларды тартып, ауыз судың келуіне 100% жағдай жасап берді. Ал ауыз суды халыққа жеткізу басқа мәселе»,* - деп жауап берді.

Бағдарлама сол уақытта қолданыста болды

Күшін жойған

4.1. Бағдарламаның мақсаты

Халықты кепілдендірілген сападағы ауыз сумен қажетті мөлшерде жабдықтау.

Күшін жойған

4.2. Нысаналы индикаторлар

Бағдарламаның мақсатына қол жеткізу көрсеткіштерді аралық нәтижелерімен салыстыру және өлшеу арқылы мынадай индикаторлар бойынша анықталатын болады:

ауылдық жерде орталықтандырылған сумен жабдықтауға қол жеткізуді АЕМ-дің жалпы санынан 80 %, шағын қалаларда - 100 % қамтамасыз ету;

әр аудан орталығында сумен жабдықтау объектілерінің мамандандырылған пайдаланушы ұйымдарын құру; жеке капиталдың қатысуымен, оның ішінде 15 бірлікке дейін концессиялық келісімдер және басқа да шарттар негізінде су шаруашылығы кәсіпорындары санының өсуі;

суды есептеу аспаптарымен қалаларда 100 % және АЕМ-де 80 % қамту;

3000 астам АЕМ-нің жер асты суы қорымен қамтамасыз етілуін зерттеу;

Қалалар және ірі елді мекендер үшін қорларды қайта бағалау мақсатында 165 кен орнына және топтық су құбырлары үшін 15 кен орнына одан әрі барлау жүргізу;

86 қалада және 7002 АЕМ-де сумен жабдықтау жобалары мониторингі жүйесімен қамту;

Аудандық мамандандырылған пайдаланушы ұйымдарға жабдықтар, машиналар мен механизмдер сатып алуға жергілікті бюджеттен кезең-кезеңмен қаражат бөлу.

Алдағы жылдары машиналар мен механизмдерді сатып алу нақты тарифті қосқанда шаруашылық қызмет есебінен жүзеге асырылады.

Күшін жойған

4.3. Бағдарламаның міндеттері

1. Сумен жабдықтаудың жаңа объектілері құрылысында және қолданыстағы қайта жаңғыртуда жөндеуде жүйелі тәсілді енгізу.
2. Елді мекендерді сумен жабдықтау жүйелерін тиімді пайдалануды қамтамасыз ету.
3. Сумен жабдықтау объектілерін қаржыландыруға барынша жеке капиталды тарту және су шаруашылығы секторының инвестициялық тартымдылығын арттыру.
4. Халықты ауыз сумен қамтамасыз ету үшін жер асты суларының әлеуетін барынша пайдалану.
5. Сумен жабдықтау жүйелерін жобалау сапасын арттыру.
6. Су шаруашылығы секторының жай-күйінің мониторингі жүйесін құру.

Английский (США)
 США клавиатура

Жоғарыда көрсетілген мәліметтерге талдау жасайтын болсақ, қызық қорытынды шығаруға болады. Жергілікті атқарушы билік орган өкілдерінің халыққа тек заң жүзінде орындалған жұмысын айтатынын яғни, шындыққа жанаспайтын ақпаратты беретінін көруге болады. Бұдан екі жақты қорытынды шығаруға болады. Жергілікті атқарушы билік орган өкілдері есеп беру немесе халыққа ақпарат беру кезінде қазіргі жағдайды барынша оң тұрғыда көрсеткенді жақсы деп санайды немесе заңда ауыз сумен қамтамасыз ету критерийлері дұрыс анықталмаған.

3.3. ААУЫЗ СУ ТАПШЫЛЫҒЫНЫҢ СЕБЕПТЕРІ

- Ауыз су жетіспеуінің назар аударарлық себептерінің бірі бұл: «Маңғыстау жылу» МКК «Каспий» су тұщыту зауытына қазіргі таңда 210 941 254 теңге қарыз. Зауыт қыс мезгілінде көктемгі, жазғы жұмыстарға дайындалуы тиіс, себебі сол мезгілдерде ауыз суға сұраныс көп болады. Сондықтан қондырғылары үздіксіз, жақсы жасауы үшін жөндеу жұмыстарын жүргізулері қажет. Ал бұл жөндеу жұмыстарына жеткілікті қаражат болмаған, яғни осындай қарыздарының өтелмегендігінен. Жаз мезгіліне зауыт ешқандай алдын ала жөндеу жұмыстарынсыз келген. Сондықтан тұрғындардың қажетті мөлшерде суын бере алмай отыр. «Маңғыстау жылу» МКК өз тарапынан қарыз өтелмеуінің себебін, бюджеттен тұрғындар үшін төленетін субсидия, бюджеттік мекемелермен өзге де кәсіпорындардың қаражатының тапшылық салдарынан туындағанын жеткізді. Айта кетсек, Мұнайлы ауданы, Маңғыстау ауылдық округін ауыз сумен қамтамасыз ету үшін 2018 жылы 168 547,5 мың тг, көлемінде облыстық бюджеттен субсидия бөлінді, ал 2019 жылдың шілде айына дейінгі аралыққа жоспарланған қаражат көлемі 80 948,0 мың теңгені құрап отыр. Екі жылды салыстыратын болсақ 2019 жылы шамамен 2 есе азайғаны көрініп тұр.
- Келесі себебі, «Каспий» су тұщыту зауытында да, «Маңғыстау жылу» МКК-да суды жинақтайтын резервуар жоқ. Резервуардың жоқтығынан қысымы бар сорғы станциясы істеп тұрған жоқ. Су өз мөлшерімен келуі үшін қысымын ұстап тұратын сорғы (насос) станциясының болуы қажет.
- Зауыттың кері осмоспен жұмыс жасайтын қондырғылары теңіз суының температурасына байланысты. Температура төмендеген сайын қондырғылардың өнімділігі төмендейді.
- Ауылдың кейбір тұрғындары құбырдан келетін суды алуға сорғыны (суды көп мөлшерде, жылдам алу үшін) пайдаланатындығы. Су пайдаланушылардың бұл әрекеті үшін заңды тұрғыда жауапкершілікке тартылуы қажет. Алайда суды жеткізу және қадағалаушы «Маңғыстау жылу» МКК ондай жағдайларды дәлелдей алмай отыр. Себебі аталған сорғылар тұрғындардың учаскесінің ішкі жағынан яғни шарбақтарынан кейін қойылған. Ал жауапты мекеме, көшеде тұрған су құдығының ішіндегі су өлшегіш құралын ғана тексере алады, ал тұрғындардың құдығын тек үй иесінің рұқсатымен кіріп тексеруге құқылы. Ал тұрғындар оған рұқсат бермей отыр. Бұл жағдай ауылдың басқа тұрғындарына ауыз су жетіспеуіне әкеп соғуда.

3.4. «МАҢҒЫСТАУ ЖЫЛУ» МКК БАСШЫСЫ ҚАЗАҚБАЕВ БЕКБОЛМЕН СҰХБАТ:

Мекеме басшысының сөзі бойынша қазіргі таңда ауыз су ауылға жетіспейді. Оның бір қатар себептері бар. Су тапшылығына байланысты уақытша жаңа кесте жасақталды.

«Маңғыстау жылу» МКК басшысы, Қазақбаев Бекбол:

"Каспий" су тұщыту зауыты ЖШС тәулігіне 20 мың текше су тұщытып отыр, оның 16,800 текшесін аудан алып отыр. Алайда 1 тәулікке ауданға 20,421 текше су қажет; Өкінішке орай бұл мөлшерде зауыттың күші жетпей отыр. Сонымен қатар, халық уақытында төлем жасамайды. Бұл да судың тұрақты келуіне кедергі келтіретін себептердің бірі.

Кесте 1. Кәсіпорын тарифтері:

№	Су тартушы желілер арқылы беру қызметі тұрғындар үшін	Жалпы тариф, қосымша құн салығымен	Тұтынушы	Бюджеттен бөлінетін субсидия
1.	Су өлшеуіш құралдарымен 1 текше метр ауыз суға, тг	266,28	30	236,28
2.	Су өлшеуіш құралдарымен жарақтандырылмаған су пайдаланушыларға 1 текше метр суға, тг	266,28	40	226,28

3.5. "КАСПИЙ" СУ ТҰЩЫТУ ЗАУЫТЫ» ЖШС ТЕХНОЛОГИЯЛЫҚ ПРОЦЕСТЕРІНІҢ ИНЖЕНЕРІ САЛТАНАТ ДҮЙСЕМАЛИЕВАМЕН СҰХБАТ:

"Каспий" су тұщыту зауыты Мұнайлы ауданынан бөлек Қарақия ауданы Қарақия ауылын, жеке мекемелерді, халықаралық әуежайды және барлық демалыс базаларын ауыз сумен қамтамасыз етеді. Бірақ зауыттың екі ең үлкен тұтынушысы Мұнайлы мен Қарақия ауданы. Мұнайлы ауданы тәулігіне шамамен 15-16 мың текше су алып отыр. Алайда олардың сұранысы бойынша 1 тәулікке 20 мың текше суға тең.

Өндірісте үш цех жұмыс жасайды.

Біріншісі – суды дайындау цехы. Мұнда 35 сүзгі бар. Бұлар теңізден келген суды шөп-шалам, балдыр-батпақ, лас-қоқымдардан тазартады.

Зауыттағы цехтың екіншісі – тұзсыздандыру цехы. Бұл негізгі цех болып саналады. Мұнда алты қондырғы жұмыс жасайды.

Үшінші цех – тұзсыздандырылған суды химиялық элементтермен байытады. Тұздан арылған су осы цехқа келеді. Ол жерде суға кальций қосылады, хлорланады. Хлормен өңдеу – ауыз суды залалсыздандыру, яғни бактериялардан тазарту үшін жасалады.

Зауытта сертификатталған химиялық су сапасын бақылайтын зертхана бар, тәулік бойы 3 сағат сайын су сапасы тексеріліп тұрады;

Зауытта судың тұзсыздандыру процесін тежеуші немесе жылдамдату процесіне қандай жағдайлар кедергі болады деген сұраққа Дүйсемалиева:

- 2016 жылы зауытта жаңғыртудың 1 кезеңі өтті. Жергілікті бюджеттен 3 млрд тг бөлінді. Жаңғыртудың аясында зауытқа 5 жаңа қондырғы қойылды. Және 2 ескі қондырғы жұмыс жасап тұр. Әр қондырғының өзінің регламенттік жұмысы бар, 3 ай сайын қондырғыларды химиялық тазартқыштан өткізуіміз керек. Себебі кері осмас мембраналары бар, уақытында тазартпаса теңіз суын тазалаған кезде тұтып қалады немесе биопленка, тұздар жиналып мембраналарды бітеп тастайды. Сәйкесінше өнімділік төмендейді. Солайша 1 қондырғы жөндеуге тұрып қалады. Ал 1 қондырғы тоқтаса 1 тәулікте шамамен 4000 метр текше су кеміп қалады. Негізі 1 қондырғының тазалауы 1 апта уақыт кетеді, бірақ қазіргі таңда суға сұраныстың көптігіне байланысты 1-2 күнде тазалау жұмыстарын жасаймыз.

- Су жинақтайтын резервуар жоқ және бірінші жаңғыру кезеңі ондай үлкен масштабта өткен жоқ. Дегенмен, 2020 жылы тәулігіне 40 мың текше метрге дейін су өндіруі үшін зауытты жаңғыртудың екінші кезеңі Республикалық бюджеттен 10 млрд 595 млн тг бөліну арқылы басталу жоспарлануда. Оған, суды дайындау цехіне 15 жаңа фильтр, кондиционерлеу учаскесіне 10 жаңа фильтр, тұзсыздандыру цехіне 5 жаңа қондырғыны қосамыз және 1 – 20 мың текше, 2 – 10 мың текшелік резервуар салынады. Қазіргі уақытта зауыт 1 тәу/20мың текше су тұщытады. Жаңғырудың екінші кезеңінен кейін 1тәу/40мың текше су тұщыту жоспарлануда.
- Зауыттың суды тіке теңізден соратын станциясы жоқ. Біз «МАЭК – Қазатомөнеркәсіп» ЖШС ТЭЦ-1 станциясы арқылы суды тұщытамыз.

3.6. МҰНАЙЛЫ АУДАНДЫҚ ТАУАРЛАР МЕН КӨРСЕТІЛЕТІН ҚЫЗМЕТТЕРДІҢ САПАСЫ МЕН АУІПСІЗДІЛІГІН БАҚЫЛАУ БАСҚАРМА БАСШЫСЫНЫҢ ОРЫНБАСАРЫ РАХМЕТОВА МАДИНАМЕН СҮХБАТ:

Ауыз суға зерттеу жұмыстары әр апта сайын тұрғын үйлерге, ал ай сайын орталықтандырылған су сорғы бекеттеріне және мекемелерден сынамалар алу арқылы жасалады.

Маңғыстау ауылдық округі бойынша мониторинг негізінде 2019 жылдың бірінші жарты жылдығында химиялық көрсеткіш бойынша 145 сынама су алынып, 3 сәйкессіздік анықталды. 2 тұрғын үйден және 1 балабақшадан. Микробиологиялық көрсеткіш бойынша 146 сынама су алынып, 5 сәйкессіздік анықталды, 2 тұрғын үйден және Маңғыстау ауылында орналасқан су сорғы бекетінің кіріс және шығыс нүктелерінен. Аталған нысаналарға дезинфекция жұмыстары жүргізіліп, қайта зерттеуге су алынды, алынған судың нәтижесінде сәйкессіздік анықталмады.

Тұрғындардан судың сапасына байланысты денсаулығына шағым немесе ресми арыз түскен жоқ.

4. ҰСЫНЫСТАР

- Тұрғындарды ауыз сумен қамтамасыз етуге бюджеттен бөлінетін субсидия көлемін ұлғайту;
- Ауыз сумен қамтамасыз ету туралы шынайы ақпарат жариялау;
- "Каспий" су тұщыту зауытының 2 кезеңдік жаңғыруының орындалуын қадағалау;
- «Маңғыстау жылу» МКК үшін су пайдаланушылардың құбырдан келетін суды алуға сорғыны пайдалану фактілерін анықтауға жағдай жасау және заңдық тұрғыда жауапкершілікке тарту;
- Мұнайлы ауданы бойынша ауыз судың тұрақты келуіне жағдай жасау;
- Ауыз судың сапасына және тұрақтылығына қоғамдық мониторинг механизмдерін бекіту;
- Ауыз сумен қамтамасыз ету критерийлерін өзгерту. Тартылған құбырлармен ауыз су тұрақты берілген жағдайда ғана ауыз сумен қамтылды деп есептеуді енгізу.

ZERTTEU
Research Institute

